



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 07/547

16 февраля 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

Подводя итоги минувшего года

ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМ



9 февраля 2018 года в Центре детско-юношеского творчества «Достык» прошла отчетная встреча акима города Кайрата Камзина с населением города. Во встрече с населением участие приняли заместитель акима Карагандинской области Шкарупа Анатолий Валерьевич, депутаты городского маслихата, руководители государственных органов, коммунальных предприятий и учреждений, представители средств массовой информации, а так же жители города.

Глава города Камзин К.А. подвел итоги проведенной работы за 2017 год, проводя

сравнительный анализ по всем социально-значимым показателям с прошедшим годом, и ознако-мил горожан с планом развития города на 2018 год. Подробно остановился на актуальных вопросах, касающихся жилищно-коммунального хозяйства, здравоохранения и других не менее важных социально-экономических сфер.



После официального доклада, по традиции, состоялась самая ожидаемая часть встречи, в ходе которой жители города

имели возможность задать вопросы, касающиеся жизнедеятельности города. Поднимались самые актуальные вопросы, на которые ответы давал лично аким Кайрат Камзин. В числе вопросов были вопросы касательно развития предпринимательства, благоустройства города, вопросы связанные с работой общественного транспорта,

по проблеме питьевой воды, вопросы о работе коммунальных служб и системы отопления. При этом аким города отметил,



что для решения всех, озвученных в ходе встречи вопросов, будет разработан план мероприятий по решению поступивших предложений и замечаний, с последующим предоставлением заявителю развернутого ответа в письменном виде

В заключительной части встречи с населением заместитель акима Карагандинской области Шкарупа А.В. озвучил ряд предложений по развитию инфраструктуры города и дал положительную оценку работе акима города. Жители города, так же, выразили удовлетворение проведенной акимом работой за прошедший год, отмечая улучшение жизни в городе.

Б. Кенжебеков,
газета «Приозерский вестник»

Елбасы жолдауы – халықтың қолдауы

ЖОЛДАУДАҒЫ НАҚТЫ ОН БАҒЫТ

2018 жылдың 12 ақпанында Приозерск қаласының № 1 жалпыбілімдік мектебінің 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау және түсіндіру мақсатында «Жолдаудағы нақты 10 бағыт» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында оқушыларға осы Жолдауда көрсетілген нақты 10 бағыт таныстырылып, болашақ білімді ұрпақтың қолында екендігі

туралы баяндалды. Дөңгелек үстелдің барысында оқушылар елбасы Жолдаудағы әрбір бағыт жөнінде өздерінің Жолдауды қолдайтындықтары жайлы ойлары мен пікірлерін ортаға салып, өздерінің қоғамдық өмірден шет қалып жатпағандықтарын білдірді.

П. Жұмаханова,
мектеп директоры



Отчётная встреча акима Карагандинской области Ерлана Кошанова с населением

**23 февраля
2018 года**

15.00

**Дворец
культуры
горняков**





Адами капитал - жаңғыру негізі

Презентована новая книга

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында көрсеткен 10 міндеттің жетіншісі «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады. Шындығында, кез келген әлеуметтік формациядағы басты капитал – адам. Адамзат табиғи даму кезеңінде, өмірдің барлық сатылары, бағыттары мен салаларында өсу мен жаңғырудың жолында болмаса, бұл кезде дүние қазіргідей даму мүмкіндігіне ие болмас еді.

«Адами капитал – жаңғыру негізі» дей отырып Мемлекет басшысы «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту тиіс», деп білім беру ұйымдарының барша қызметкерлеріне бағытбағдарды айқындап беріп отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы 2015 жылдың 30 қаңтарындағы Жолдауында да «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасын 2017 жылдан бастап іске асыруды тапсырған еді. Қазіргі таңда Қызылорда облысында 30 колледждің 23-і осы жобаны іске асыруды бастады. Оның ішінде 12 мемлекеттік және 11 мемлекеттік емес оқу орындары жастарды тегін жұмысшы мамандығы бойынша оқытуда. Елбасының тапсырмасына сәйкес 2017-2018 оқу жылында жергілікті және республикалық бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс көлемі 4603 орын болып белгіленді. Оның ішінде жұмысшы мамандықтары бойынша республикалық бюджет есебінен «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» негізінде 1515 орын, жергілікті бюджет есебінен 1675 орын, барлығы 3190 орын бөлінді. Осы жоба шеңберінде студент-

тер 28 мамандықтың 42 біліктілігі бойынша білім алуда. Аталған тапсырма аясында біздің М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжіне 4 жұмысшы біліктілігі бойынша 100 орын мемлекеттік тапсырыс бөлініп, студенттер білім алуда. Облысы-мыздың техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары қазіргі таңда шын мәніндегі «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңінде» жұмыс істеп, қызмет ететін жастарды оқыту мен тәрбиелеудің жолында аянбай еңбек етіп келеді. Осы Жолдау аясындағы Елбасымыздың «Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлы дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек» деген тапсырмасы білім беру ұйымдарына үлкен міндеттер жүктейтінін жақсы түсінеміз. Аталған бағытта колледж ұжымы еңбек нарығының заманауи талаптарына толыққанды жауап беретін, бәсекеге қабілетті жұмысшы мамандарын даярлау ісін жаңа сатыға көтеру мақсатында оқу-тәрбие үдерісіне жаһандық тәжірибеде қолданысқа ие дуалды оқыту мен модульдік бағдарламалар негізінде білім беру жүйелеріне көшуді бастады. Жұмыс беруші серіктестер мен студенттердің ата-аналарынан құралған өкілдер колледждің Қамқоршылық кеңесі арқылы білім сапасын бақылауға және оны арттыруға бағытталған іс-шараларға толыққанды қатысуға қол жеткізді. Оқу орнының материалдық-техникалық базасы да облыс басшыларының қамқорлығы арқасында жыл санап жаңаланып, жаңғырып келеді. 2017 жылы колледжіміз 82,0 миллион теңгеге күрделі жөндеуден өтті. Президент Н.Ә.Назарбаев «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеялына айналуға тиіс», деді. Бұл жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру жұмыстарын түбегейлі қайта қарап, әлемдік озық үлгілерді өз тәжірибемізге енгізуге міндеттейді деп ойлаймын.

Бақыт КЕНБАЕВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы,
профессор

АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, (Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балхаш көшесі 5, анықтама үшін телефондар: 5-48-77, 5-21-08) азаматтық қызметкерлер лауазымының бос орнына конкурс жариялайды:

«Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры – 1 бірлік.

Біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) білім, еңбек өтілі әлеуметтік қорғау немесе халықты жұмыспен қамту жүйесінде кемінде 3 жыл немесе экономиканың басқа сала лауазымдарында кемінде 2 жыл.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Халықтың көші-қоны туралы», «Лицензиялау туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және жұмыспен қамту мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді; орталықтың бейіні, мамандануы және ерекшеліктері; шаруашылық инфрақұрылымын, демографиялық ахуалын; өңірдің (аудан, қала) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін; өңірдің (аудан, қала) ұйымдарының даму перспективалары мен құрылымдық өзгерістерін; еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен даму бағыттарын; халықты жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру іс-шараларын әзірлеу тәртібі; жұмыспен қамту бағдарламалары іс-шараларының тиімділігін бағалау әдістемесі; қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастыру; салық және экологиялық заңнама; еңбек және ұжымдық шарттар жасау тәртібі; экономика негіздері; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары.

Конкурсқа қажетті құжаттар аталған хабарландыру бұқаралық-ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап 15 күні ішінде жоғарыда аталған мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс.

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысының 2017 жылғы табысы туралы мағлұмдама

«Өзіңнен баста» атты акция шеңберіндегі «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы Айдарханов Темірхан Айдарханұлының табысы туралы мағлұмдама: 2017 жылғы жылдық табысы 2 827 845 мың теңге.

В ЭПИЦЕНТРЕ СОБЫТИЙ

В независимом Казахстане сложилась традиция – на важных, ответственных этапах развития страны Первый Президент – Лидер нации Нурсултан Назарбаев публикует фундаментальные работы, которые знаменуют собой исторические рубежи нашего государства и ставят новые задачи.

В Казахстане и в мировом сообществе ждут эти труды, поскольку люди нуждаются в оценке достигнутого, характеристике современной ситуации, в четком обозначении ориентиров дальнейшего развития.

Особенно важно, когда ответы на эти вопросы дает Глава государства в своих книгах, названия которых говорят сами за себя, например: «Стратегия становления и развития Казахстана как независимого государства», «В потоке истории», «Эпицентр мира», «Критическое десятилетие», «На пороге XXI века», «Казахстанский путь» и другие.

И вот накануне Дня Независимости в Астане была презентована новая книга Нурсултана Назарбаева «Эра независимости». Независимость Казахстана неразрывно связана с именем Первого Президента. В издании не просто изложена хронология событий и приведен их анализ, автор делится своими мыслями, переживаниями, откровенно рассказывает о трудностях, с которыми пришлось столкнуться за все это время. Поэтому книга вызвала такой живой интерес и большой общественный резонанс.

Книга позволяет на конкретных примерах понять, насколько правильными и стратегически верными были решения, принимаемые Главой государства в сложнейших условиях экономических кризисов, политической неопределенности, глобальных вызовов.

Символом независимости Казахстана является наша молодая столица – Астана. Во время принятия решения о переносе столицы нашлось немало тех, кто со скептицизмом смотрел на эту инициативу Президента. Но не прошло и 20 лет, как практически посреди степи был построен великолепный современный мегаполис, который стал настоящей жемужиной в сердце Евразии. Теперь это достойное и гордостью всех казахстанцев. Это яркий пример воли Президента, его мудрости и умения стратегически мыслить.

С самого начала обретения Казахстаном

независимости Президент определил межнациональное согласие, единство, стабильность базовыми ценностями развития государства. Был создан уникальный общественно-политический институт – Ассамблея народа Казахстана. И сегодня результатом этой целенаправленной комплексной работы являются мир и согласие, которые царят в нашей многонаци-



ональной стране и позволяют нам с уверенностью и спокойствием смотреть в будущее.

Книга Нурсултана Назарбаева «Эра независимости» – это не только глубокая оценка всех этапов 26-летнего пути независимости государства, но и взгляд в будущее. Она позволяет выстраивать логику происходящих событий и делать прогнозы.

Главным действующим лицом является народ Казахстана, которому Президент посвятил свою книгу и который во главе со своим Лидером нации строит стабильное, мирное, динамично развивающееся государство, занявшее достойное место в мировом сообществе. Народ этим имиджем дорожит и делает все для его сохранения и приумножения.

АВТОР: Роман Ким,
депутат Мәжілісі Парламенті
Республики Казахстан

ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ГРАЖДАНСКОГО СЛУЖАЩЕГО

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск», (Карагандинская область, г.Приозерск, ул.Балхашская 5, телефоны для справок: 5-48-77, 5-21-08) объявляет конкурс на занятие вакантной должности гражданского служащего:

Директор коммунального государственного учреждения «Центр занятости населения акимата города Приозерск Карагандинской области». -1 единица.

Требования к квалификации: высшее (или послевузовское) образование, стаж работы в системе социальной защиты или занятости населения не менее 3 лет или на других должностях в сферах экономики не менее 2 лет.

Должен знать: Конституцию Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, законы Республики Казахстан «О занятости населения», «О государственной адресной социальной помощи», «Об обязательном социальном страховании», «О миграции населения», «О лицензировании», «О противодействии коррупции», «О языках в Республике Казахстан» и иные нормативные правовые акты, регулирующие вопросы занятости; профиль, специализацию и особенности организации; хозяйственную инфраструктуру; демографическую ситуацию; специфику социально-экономического развития региона (района, города); перспективы развития и структурных изменений организаций региона (района, города); основные тенденции и направления развития рынка труда; порядок разработки мероприятий по реализации программ занятости населения; методики оценки эффективности мероприятий программ занятости; организацию финансово-хозяйственной деятельности; налоговое и экологическое законодательство; порядок заключения трудовых и коллективных договоров; основы экономики; правила и нормы охраны труда, техники безопасности, производственной санитарии и пожарной безопасности.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 15 дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации по вышеуказанному адресу.

Декларация о доходах руководителя ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» за 2017 год

Декларация о доходах в рамках акции «Өзіңнен баста» руководителя ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» Айдарханова Темірхан Айдархановича: годовой доход за 2017 год 2 824 845 тыс. тенге.

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ №1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫШ ҚАЛҒАНДАРДЫҢ ОРНЫНА ДЕПУТАТТЫҚҚА ТІРКЕЛГЕН КАНДИДАТ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

ИНФОРМАЦИЯ О ЗАРЕГИСТРИРОВАННОМ КАНДИДАТЕ В ДЕПУТАТЫ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №1

округ №/ № округа	Мәслихат депутаттығына кандидаттың аты-жөні/ Ф.И.О. кандидата в депутаты маслихата	Туған күні, жылы, айы/ Число, месяц, год рождения	Атқаратын лауазымы/ Занимаемая должность	Тұрғылықты мекен жайы/ адрес проживания	Партияға қатыстылығы/ партийность	Тіркелген мерзімі/ Дата регистрации
1	Жумаханов Базархан Мейрамбекович	21.11.1987 г.	«Азаматтарға арналған үкімет» МК» Ке.АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы «ХҚКО» Департаментінің Приозерск қ.бөлімі басшысының орынбасары/ Заместитель руководителя Отдела г.Приозерск Департамента «ЦОН- филиала НАО «ГК «Правительство для граждан» по Карагандинской области	Приозерск қаласы Кисунько көшесі 1а үй №19 пәтер / г.Приозерск ул.Кисунько дом 1а квартира №19	Партияда жоқ/ беспартийный	13.02.2018 г.

Приозерск аумақтық сайлау комиссиясы

Приозерская территориальная избирательная комиссия

МҰХТАР ТАЙЖАН: «АРАНДАП ҚАЛМАЙЫҚ, АҒАЙЫН!»

Тағы да жер туралы

Соңғы күндері әлеуметтік желіде жер дауына қатысты жаңа сыбыс желдей есті. Аты-жөні белгісіз автордың «14 ақпаннан бастап жер шетелдіктерге сатылады. Парламент жаңа заңды жасасырын қабылдап жіберді» деген сарындағы жазбасы қызу талқыға түсіп, тарап жатыр. Бұл не сонда? Елбасымыз жариялаған мораторий қайда? Бұл жазбаның астарында кім тұр? Жер туралы жаңа заңның мазмұны қандай? Осы сауалдардың жауабын Жер реформасы жөніндегі комиссияның құқықтық жұмыс тобының жетекшісі Мұхтар Тайжанға қойып көрген едік.

астарында аранда-тушылықтың тұрғаны анық. Бәлкім, оны жерінен айырылып қалудан қорыққан латифундистер, билікті көксеген кландардың мүшелері ұйымдастырып отырған шығар? Хаттың нақты авторының болмауы оның әу баста арандаушылық мақсатты көздегенін көрсетеді. Егер халыққа шын жаны аштын адам жазған болса, неге өзінің аты-жөнін жасырады? Неге халықтың алдына шықпай тығылып отыр? Нақты факт, дәлелдері болса, өз атын көрсетіп, ашық диалогке шықпай ма?

– Бұл Қазақстан тарихында латифундистерге қарсы алғашқы әрі ірі шара болмақ. Мыңдаған гектар жер телімін қоластына шоғырландырып, оны жергілікті тұрғындарға жалға беруден, мемлекеттік субсидияларды иеленумен байып отырған латифундистер бар. Олардың күні бағуға таяу. Заң қабылданған соң, жерге беріліп келген субсидиялар тоқтатылады, ал бос тұрған жер телімдері үшін төленетін салық мөлшері 10 есеге дейін ұлғаяды. Бұл жеке адамдардың қолында шоғырланған ауылшаруашылығы жерлерін қарапайым халыққа қайтарып беруге ықпал етуі керек. Менің ойымша, әлеуметтік желіде аттан салып, қарсылық ұйымдастырып жатқандардың тасасында осындай майшелпектен айырылып қалудан қорыққан латифундистер тұрған болуы мүмкін.



министріне хат жазған болатынмын. Яғни заң жобасы Парламент оқылымында қабылданған соң, оның орындалуын қадағалайтын арнайы штаб немесе комиссия құрылуы керек. Бұл ұсыныс Премьер-министр тарапынан қолдау табады деп үміттенемін.

– Мұхтар аға, әлеуметтік желіде жер дауы қайта өріс алып жатыр. Аттаншылық қауымның айтуынша, Жер реформасы туралы жаңа заң Елбасымыз жариялаған мораторийдің күшін жоядымыс. Бұл қаншалықты шындық?

– Жаңа заң жобасының халыққа әкелетін пайдасы қандай?

– Қазір ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланатын жер жетіспейді. Жеріміз кең, бірақ олар жеке адамдардың қолына өтіп кеткен. Сондықтан ауыл тұрғындары қолындағы азғантай қараны қайда жаярын білмейді. Біз аталған заң жобасында әр ауылдың аумағында белгілі бір радиус ішіндегі жайылым жерді жалға бермеу керектігін қарастырдық. Сонымен қатар ұлан-ғайыр аумақты жалғыз өзі иеленіп алған әрі сол жерді пайдаланбай бос ұстап отырған латифундистерге қарсы шаралар қабылдайтын боламыз. Олардың артық жерін халыққа алып береміз. Тұрғындарға үй салуға арналған 10 сотық жер телімін беру мәселесін орнтайландыру жағы да заңда қарастырылған. Сонымен бірге ауылшаруашылығы жерлерін қазақстандық азаматтарға жалға беру мүмкіндігін қайта қалпына келтіреміз.

Ал жерді шетелдіктерге жалға беру мәселесіне келер болсақ, шетелдік инвесторлардың үлесі 50% болатын компанияларға бұрын жерді жалға алуға мүмкіндік берілетін еді. Енді біз ұсынған заңда 50% деген шарт болмайды. Қазақстандық заңды тұлғада шетелдіктердің кез келген үлесі (тіпті, 1% болса да) болса, мұндай заңды тұлғаға ауылшаруашылығына арналған жер жалға берілмейді. Үзілдікесілді. Сонда біздің заңымызға кім қарсы және не үшін?

– Бізде кейбір заң жобасы Парламент мінберінде қабылданғанымен, олардың іс жүзінде жүзеге асуы қоңіл көңілшілік деңгейде емес. Бұл – ащы да болса шындық. Сіздер ұсынып отырған заң қабылданған соң, оны жүзеге асыру жағы қалай болады?

– Парламент тыңдалымына ұсынылған заң жобасымен қайдан танысуға болады?

– Осыған дейін мен жекелеген адамдардың электронды поштасына жіберіп келген болатынмын. Әлеуметтік желідегі парақ-шама да шығарып қойдым. Барлық адаммен ашық диалог орнатып, кез келген сұраққа жауап беруге дайынмын. Сонымен бірге аталған заң жобасымен кез келген адамның adilet.zan.kz порталында танысуына болады.

– Арнайы уақыт бөлгеніңіз үшін рахмет.

Сұхбаттасқан Нұрлыхан Қалқаманұлы

Жарияланбаған соғыстың сызы

АУҒАН АСУЫНДА ОТ КЕШКЕНДЕР

Осыдан 29 жыл бұрын Ауған жерінен кеңес әскерлерінің ең соңғы тұяғы түгелімен шығарылды. Барша еліміз сияқты осы бір қуанышты, әрі қаралы дата қалалық кітапханада да еске алынып, әр жыл сайын ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кештері өткізіледі.

ауған соғысының ардагері, қаламыздың тұрғыны Пазилов Абдиқадир Жанабаевич пен №2 мектептің 10 сынып оқушылары қатысты.

Кездесу кешіміздің құрметті қонағы Пазилов Абдиқадир Жанабаевич жарияланбаған соғыстың халқымызға төндірген қайғы-қасіреті мен нәубетін екшей келіп, өз басынан өткен қиыншылықтарына, алған жарақаттарына қарамастан тайсалмай, болашаққа деген сенімнің арқасында осы күнге жеткенін өңгімесіне арқау етті. Оқушылар кеш кейіпкеріне өздерін қызықтырған, толғандырған сауалдарын қойып, мазмұнды жауап алып отырды. Кездесу кешіне мұрындық болған көпшілік, ауыр аманат аркалап, өмір мен өлім белдескен

қанды шайқасқа қатысып, батырлық пен ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, қайтпас сапарға аттанған сардарлар мен сарбаздарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Оқушыларға «Жарияланбаған соғыс», «Ауғанның от жалыны» атты танымдық көрмелер мен арнайы әзірлеген презентация таныстырылып, ауған соғысы жайындағы деректі фильм көрсетілді. Кездесу кеші ардагер кейіпкерімізбен естелікке суретке түсумен аяқталды.

Қанды қырғын мен боздақтардың қаралы хабарына нүкте қойған 1989 жылдың 14-ақпаны әр жыл сайын аталып келеді. Бейбіт өмірімізді қорғайтын жастарымыздың бойына отансүйгіштік сезім мен патриоттық рух ұялатар майдангер азаматтар қай уақытта да үлгі-өнеге, тәрбие мектебі. Бұған дәлел, бүгін біздің ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлердің бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық жұмыстағы белсенділіктері. «Ерлік-жан дүниенің ұлы қасиеті», әскери анттарын абыроймен атқарып, сол жолда қаза тапқан,



қайран боздақтардың баршамыздың есімізде мәңгілік сақталады.

Ш.Ж.Жунусова,
«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ-сі балалар бөлімінің
кітапханашысы

ОСТОРОЖНО, ТУБЕРКУЛЕЗ!

Отдел ветеринарии города Приозерск, представляет для сведения населения города информацию о болезни туберкулез.

Туберкулез – Tuberculosis – хроническая инфекционная болезнь, характеризующаяся образованием типичных узелков-туберкулов.

Возбудитель – *Mycobacterium tuberculosis* – относится к отряду Actinomycetes, семейству Mycobacteriaceae, роду Mycobacterium. Устойчивость: в речной воде возбудитель сохраняется до 5 месяцев, в почве-1-2 года, в фекалиях и на пастбище- до 1 года, в масле и сырах, хранящихся на холоде-8-10 месяцев, в мясе- до 1 года. При нагревании молока до 70 С возбудитель погибает за 10 мин, при кипячении – за 3-5 мин.

Лучшие дезинфицирующие вещества: 3% раствор формальдегида (экспозиция 1 ч), взвесь хлорной извести, содержащая 5% активного хлора, 10% раствор однохлористого йода, 20% взвесь свежесжженной извести (трехкратная побелка с интервалом 1 ч).

Основные эпизоотические данные:

Источниками возбудителя инфекции служат больные туберкулезом животные, из организма которых возбудитель выделяется с молоком, фекалиями, истечениями из носа, иногда со спермой. Из 55 видов млекопитающих наиболее восприимчив к туберкулезу крупный рогатый скот.

Факторы передачи возбудителя заболевания: корма, вода, пастбища, загрязненные выделениями больных животных.

Заражение происходит алиментарным путем, не исключается аэрогенный, при совместном содержании зараженных и больных животных в плохо вентилируемых помещениях. Молодняк в основном заражается через молоко, обрат от больных коров. Распространение туберкулеза происходит медленно, что объясняется длительностью инкубационного периода.

Сезонность не влияет на эпизоотический процесс, но в стойловый период туберкулез регистрируют чаще.

Течение и симптомы

При естественном заражении инкубационный период продолжается 2-6 недель. Болезнь протекает в основном хронически и бессимптомно. Симптомы при туберкулезе разнообразны и зависят от поражения того или другого органа больных животных, поэтому болезнь выявляют в основном аллергическим или серологическим исследованием. Туберкулез-

ные поражения обнаруживают послеубойном осмотре животных.

Различают легочную и кишечную формы. Встречаются: поражение вымени, серозных покровов (жемчужница), генитальная генерализованная формы. У крупного рогатого скота чаще всего поражаются легкие. При их сильном поражении вначале наблюдают незначительное повышение температуры, появляется редкий, но сильный кашель. С развитием процесса он становится слабым, беззвучным и болезненным.

При туберкулезных поражениях гениталиев у коров наблюдают учащение половой охоты, яловость, а у быков - орхиты. При исследованиях крови устанавливают уменьшение эритроцитов и гемоглобина, а незадолго до смерти – уменьшение лейкоцитов и появление незрелых клеток. В сыворотке крови устанавливают накопление глобулинов и уменьшение альбуминов.

Основные профилактические мероприятия

Диагноз на туберкулез считают установленным, а хозяйство объявляют неблагополучным при подтверждении прижизненного диагноза, результатом патологоанатомического вскрытия, а при отсутствии изменений в органах или лимфатических узлах - по результатам бактериологического, гистологического и биологического исследований.

В благополучных хозяйствах все мероприятия направлены на недопущение заноса возбудителя инфекции. С этой целью запрещают ввод животных, приобретение кормов, в том числе молока и обрата, из хозяйств, неблагополучных по туберкулезу. Не допускают к обслуживанию животных лиц, больных туберкулезом, и совместное содержание на одной территории с крупным рогатым скотом птицы. В плане противозооэпизоотических мероприятий предусматривают поголовные диагностические исследования на туберкулез животных начиная с 2-месячного возраста.

В случае возникновения туберкулеза хозяйство (отделение, ферму) объявляют неблагополучным и накладывают ограничения, предусмотренные действующей инструкцией, а также составляют календарный план мероприятий по ликвидации инфекции.

С.Т. Рымбекова,
главный специалист отдела
ветеринарии г. Приозерск

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА - ЗОНА ПОВЫШЕННОЙ ОПАСНОСТИ!

Статистика допускаемых на железнодорожном транспорте наездов остаётся тревожной. Анализ показывает, что наибольшее количество наездов допущено на людей.

В целях предупреждения несчастных случаев на объектах железнодорожного транспорта напоминаем:

Переходите пути в установленных местах!

Убедитесь в отсутствии движущегося поезда, не перебегайте через рельсовые пути, если видите приближающийся поезд! Пользуйтесь пешеходными переходами, мостами.

Детям запрещается находиться вблизи железной дороги без присмотра родителей, так же им не позволено играть

вблизи железной дороги. Дети должны знать об опасности, которая их ожидает на железнодорожных путях.

Категорически запрещено:

- 1) становиться или садиться на рельсы;
- 2) подлезать под вагонами поезда;
- 3) слушать музыку в наушниках и разговаривать по сотовому телефону, так как можно не услышать гудка приближающегося поезда или предупреждающего объявления передаваемого по громкоговорящей связи работниками железной дороги.
- 4) подниматься на крышу вагонов, приближаться к проводам, напряжение на контактной сети 27 000 В.

Берегите себя!

Балтабеков О.Б.,
ТД-19, ст. Сары-Шаган

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстанда 2018 жылғы 1 қаңтарда Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер күшіне енді. Оған сәйкес, ҰЕҰ-ға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар бойынша конкурсқа қатысу үшін ҰЕҰ дерекқорына тіркелу қажет.

ҰЕҰ Дерекқорына мәліметтер infonpo.kz жыл сайын 31 наурызға дейін жіберіледі.

Облыстық ішкі саясат басқармасы

ВНИМАНИЮ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ!

В Казахстане с 1 января 2018 года вступили в силу изменения в Правила осуществления государственных закупок, согласно которым для участия в конкурсе по государственному социальному заказу НПО необходимо зарегистрироваться в Базе данных НПО.

Сведения в Базу данных НПО infonpo.kz направляются ежегодно до 31 марта.

Управление внутренней политики области

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VI шақырылымының кезекті XVIII сессиясы 2018 жылдың 27 ақпанында сағат 11.00-де өтеді

Сессия күн тәртібінде:

1. 2017 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі.
2. 2016-2017 жылдары мемлекеттік бағдарламалар аясында қала кәсіпкерлерін несиелендіру және шағын мен орта бизнесті дамыту туралы есебі.
3. «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылы атқарған жұмысы туралы есебі.
4. «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сәулет және қала құрылысы бойынша 2017 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі.
5. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы есебі.
6. Әртүрлі мәселелер.

Сессия төрағасы Т. Қарабалаев

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Очередная XVIII сессия городского маслихата VI созыва проводится 27 февраля 2018 года в 11.00 часов

В повестке дня:

1. Отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2017 год.
2. Отчет о кредитовании предпринимателей города и развитие малого и среднего бизнеса в рамках государственных программ за 2016-2017 годы.
3. Отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел строительства города Приозерск» за 2017 год.
4. Отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» по работе архитектуры и градостроительства за 2017 год.
5. Отчет о выполнении государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы.
6. Другие вопросы.

Председатель сессии Т. Карабалаев

ИНФОГРАФИКА



Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д. 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 07/547. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.